

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС № 2

Өткізілген уақыты: 24.11.2023

ТАҚЫРЫБЫ: «Ел ертеңі –бүгінгі болашақ ұрпақ»

Мақсаты: Балабақшадағы балалардың өмірлік дағдыларды игеру деңгейін көтеру.

Төрайымы: Есеналиева А

Хатшысы: Имангожаева А

Қатысқандар саны–3

Педагогикалық кеңестің күн тәртібі:

1. № 1 педагогикалық кеңес қаулысының орындалуы
2. Балабақшадағы балалардың өмірлік дағдыларды игеру деңгейін көтеру
3. Кеңес: "Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?"
Медбике
4. Денсаулық сақтау технологиясының тиімді әдіс –тәсілдерінің ұйымдастырылған іс-әрекеттеріне енгізу
5. Топта қыркүйек айындағы жүргізілген білім құзыреттілігінің мониторингісі туралы сараптама

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша № 1 педагогикалық кеңес қаулысының орындалуына талдау жасалды. № 1 педагогикалық кеңес қаулысының орындалуы қанағаттанарлық деп есептелсін

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақшадағы балалардың өмірлік дағдыларды игеру деңгейін көтеру мәселесі бойынша әдіскер сөз қозғады. Өмірлік дағдылар әр баланың дені сау болып өсуі және кейінгі өмірінде табысқа жетуі үшін қажет. Бұл өмірлік дағдылар балаларды өмірдің әртүрлі аспектілерін шарлау және жауапты, тәуелсіз және қабілетті тұлға болу үшін күшті ой-өріспен қамтамасыз етеді.

Сонымен, ең маңыздылары қандай балаларға өмірлік дағдылар үйрену? Өмірлік дағдылардың тізімі кеңейтілген және әртүрлі, бірақ олардың барлығын бірден үйренуге уақыт жеткіліксіз. Дегенмен, педагогтар мен ата-аналар әр баланың күшті және әлсіз жақтарын байқауға уақыт бөле алады және олардың әрқайсысы үшін қолайлы өмірлік дағдылар курстарын жекелендіру тиімді тәсіл болуы мүмкін.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша балабақша медбикесі «Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?» тақырыбында тәрбиешілер арасында кеңес жүргізді. Балабақша медбикесі балабақша бойынша топтар арасында ауруға шалдыққан немесе вируспен ауырған балалар санына анықтап көрсетті. Қазіргі таңда өршіп тұрған қызылша ауруы туралы педагогтарға ескерту жасады. Топтар арасында бірлесе жұмыс жасап

барлық ата-анаға аурудың алдын алу мақсатында жаппай екепе алу керектігі ескертілді. Барлық педагогтарға аурудың белгілері баланың бойында қалай байқалатыны түсіндірілді. Топтарды режим бойынша кварцтау, желдету жұмыстары уақытымен жүргізуді тапсырды. Сонымен қатар балалардың дені сау болып жүру үшін не көмектесетінін сұрақ жауап арқылы анықтауға тырысты. Ең алдымен баланың ауруларға төтеп беріп дені сау болып жүру үшін топтарда балаларды тазалықты сақтау керектігі айтылды. Таза жүрген бала аурулардан аулақ болады. «Тазалық-денсаулық кепілі» деп атап айтқандай баланы күнделікті қолдарын таза ұстап, серуеннен соң қолдарын тазалап жудыру керектігі айтылды. Сонымен қатар дұрыс тамақтануда баланы түрлі аурулардан сақтайды. Балабақшада балаларды тамақтану кезінде міндетті түрде тамақтарын тауысып жеуін қадағалауды ұсынды. Таза ауаға серуендеуді уақытымен жүргізуді атап айтты. Таңғы жаттығу күнделікті жүргізіліп отыру міндетті екенін тапсырды.

4. Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша денсаулық сақтау технологиясының тиімді әдіс – тәсілдерінің ұйымдастырылған іс-әрекеттеріне енгізу тақырыбында тәрбиешіге слайд арқылы таныстырды. Бұл тақырып балалардың денсаулық жағдайында өте өзекті мәселе екенін жеткізді. Сондықтан балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту мәселесін бала мектепке барғанға дейін, яғни балабақшада шешу маңызды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес физикалық дағдыларды игерту мақсатында – балаларды салауатты өмір салтына баулу, денсаулық сақтау технологияларын қолданып, ойындар мен жаттығулар арқылы дене шынықтыруға қызығушылықты қалыптастыру. Тек дене шынықтыру ұйымдастырылған іс әрекетте ғана емес күнделікті іс әрекеттерге енгізген өте тиімді. Шынықтыру шараларын жасау кезінде өз-өзіне массаж жасау тәсілін жалпақ табандылықты болдырмау үшін алдын алу шараларын ұйымдастырылған іс әрекеттерге кіргізген жөн. Мектепке дейінгі ұйымның міндеті әр балаға өз мүмкіндіктерін сезінуге, оларды дамыту үшін дамытушы ойын ортасын құруға, баланың денсаулығын сақтау мен нығайтуға көмек көрсету біздің қолымызда. Сондықтанда біз ізденіп балаларға түрлі технологияларды енгізгеніміз дұрыс.

5. Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша балабақша әдіскері қыркүйек айына жасалған бастапқы мониторингке тоқталды. Жасалған мониторинг бойынша талдау жасалып жинаған деңгейімен әдіскер таныстырды. Топ тәрбиешісіне жиынтық есеп таныстырылды.

ШЕШІМ:

1. № 1 педагогикалық кеңес қаулысының орындалуы қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Балабақшада балалардың өмірлік дағдылары үнемі үйрету қолға алынсын.
3. Баланың дені сау болу үшін түрлі іс шаралар ұйымдастырылсын.
4. Денсаулық сақтау технологиялары балабақшада жандадырылып ұйымдастырылған іс әркетте қолданылсын.
5. Әдіскердің жасаған мониторинг бойынша жиынтық есебі одан ары жандандырылып балаларға дұрыс білім берілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы: _____Есеналиева А
Хатшы: _____Нұрдаулет А